Бекітемін:
ИП «Астана» бөбекжайы»
меңгерушісі:
А.И.Мусина

Келісілді:
ИП «Астана» бөбекжайы
әдіскері: А.И.Мурзагалиева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған «Қазақ тілі» пәніне ұйымдастырылған іс-әрекеттің «Құлыншақ» ересек тобының перспективалық жоспары

Қазақ тілі мұғалімі: Катчикова Ж.М.

2024-2025 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

Білім беру ұйымы: ИП «Астана» бөбекжайы
Топ: «Құлыншақ» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 2024-2025 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	**Тілдік дамытушы орта.** Ұжымдық әңгімеге қатысуға, кезекпен сөйлеуге үйрету. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор.** Күнделікті өмірде жиі қолданылатын қоршаған ортадағы жемістер мен көкөністердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Отбасы, азық-түлік туралы түсінік беру. Санамақтар, тақпақтар жаттату. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға баулу
Қазан	**Тілдік дамытушы орта.** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар,оқиғалар туралы ақпараттарды алуға көмектесу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. **Сөздік қор:** Балабақшадағы ойыншықтар мен заттардың,сондағы қызметкерлер атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтарға жауап беруге баулу.
Қараша	**Тілдік дамытушы орта.** Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдану.

	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ұ,ғ,қ дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор.** Күнделікті өмірде жиі қолданылатын қоршаған ортадағы құстардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Шағын өлеңдер жаттату. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға баулу. Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.
Желтоқсан.	**Тілдік дамытушы орта.** Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда жануарлардың эмоционалды көңіл- күйін жеткізуге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Қазақ тіліне тәнҮ дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор:** Қоршаған ортадағы жануарлардың атауларын айту, олардың қысқы тіршіліктері, мекендері, қоректері туралы түсініктерін қалыптастыру. Қысқы ауа-райы туралы түсінік беру. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Қарым- қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді ажырата білуге баулу.
Қаңтар	**Тілдік дамытушы орта.** Еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ғ дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.

	Сөздік қор. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: (қойшы, жылқышы, түйеші, сиыршы) аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. Шағын санамақтар, жаңылтпаштар жаттату. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға баулу.
Ақпан	**Тілдік дамытушы орта.** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ұ дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор.** Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету және отбасындағы қызықты оқиғалар туралы айтуға және түсіндіруге дағдыларын қалыптастыру. Шағын санамақтар, тақпақтар жаттату. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету. Сөздерді жіктеп қолдана білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру.

Наурыз	**Тілдік дамытушы орта.** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға мүмкіндік беру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор.** Күнделікті өмірде жиі қолданылатын қоршаған ортадағы заттар мен тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Амал мерекесі туралы түсінік беру. Шағын тақпақтар, санамақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға баулу.
Сәуір	**Тілдік дамытушы орта.** Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор.** Күнделікті өмірде жиі қолданылатын қоршаған ортадағы өсімдіктердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Көктем мезгілі туралы түсінік беру. Шағын тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.**

	Әңгімені зейін қойып тыңдауды, мәтіннен таныс сөздерді тауып айтуды үйрету, айналасындағы заттарға деген қызығушылықтарын арттыру; заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға баулу
Мамыр	**Тілдік дамытушы орта** Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдану. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ұ, ү, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор:** Шағын санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Жаз мезгілі туралы түсінік беру. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға баулу.